

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ


ҚЫЗЫЛОРДА АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«Бекітемін»

Қызылорда ашық
университетінің ректоры

 К.А.Бисенов

« 29 » 08 2023 жыл



ҚЫЗЫЛОРДА АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2023 жыл

Қызылорда ашық университетінің білім алушыларына арналған ішкі тәртіп ережесі

Нормативтік сілтемелер

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы (кейінгі енгізілген өзгерістер және толықтыруларымен).

1. Жалпы сипаттама

1.1. Қызылорда ашық университетінің білім алушыларына ішкі тәртіп ережесі (бұдан әрі – Ереже) білім алушыларды оқуға деген саналы қатынастарын қалыптастыруды, білім беруді ғылыми негізде ұйымдастыруды, оқу уақытын тиімді пайдалануды, оқу үдерісінің сапасын жақсартуды, университеттің алға қойған міндеттерін жүзеге асыруды мақсат етеді.

1.2. Университет білім алушылары қатарына ректордың бұйрығы негізінде оқуға қабылданған тұлғалар жатады.

Осы Ереженің талаптарын орындау университет білім алушылары үшін міндетті болып табылады.

1.3. Университет әкімшілігі осы Ереженің талаптарын бұзған білім алушыларды тәртіптік жазаға тартуға, оқудан шығаруға құқылы.

2. Оқу тәртібі

2.1 Оқу жылы университеттің ғылыми кеңесі бекіткен академиялық күнтізбеге сәйкес басталады.

2.2 Университеттегі оқу сабақтары белгіленген тәртіпте бекітілген оқу жұмыстық жоспарлары негізінде құрылған сабақ кестесі бойынша жүргізіледі.

2.3 Сабақ кестелері академиялық кезеңге жасалады және әрбір академиялық кезеңнің басталуынан 2 апта бұрын білім алушының назарына ұсынылады.

2.4 Оқу сабақтарының ұзақтығы 50 минутты құрайды.

2.5 Әрбір оқу сабағы басталғанға дейін (сабақтар арасындағы үзілістерде) дәрісханалар мен зертханаларда, оқу шеберханалары мен кабинеттерде оқу көмекші тұлғалар қажетті оқу құралдары мен құрылғыларды дайындайды.

2.6 Сабақ басталғаннан кейін барлық оқу және оларға жақын бөлмелерде оқу сабағының қалыпты жүруі үшін қажетті тыныштық пен тәртіп

қамтамасыз етілуі керек. Сабақ басталғаннан кейін дәрісханаға кіру және дәрісханадан шығу оқытушының рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

2.7 Әрбір академиялық оқу тобында үлгерімі жақсы және тәртіпті студенттің қатарынан топ басшысы тағайындалады. Топ басшысы тікелей университет ректоратына, эдвайзерге бағынады.

2.8 Топ басшысының қызметі:

- білім алушылардың оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысуын есепке алу журналын жүргізу;

- сабақ кезінде топта оқу тәртібінің сақталуын, сонымен қатар оқу жабдықтарының ұқыпты пайдаланылуын, білім алушылар тарапынан бүлінбеуін қадағалау;

- білім сабақ кестесіне енгізілетін өзгертулер туралы хабардар ету;

- дәрісхананы сабаққа дайындау үшін күн сайын, кезекпен, топтағы білім алушыны кезекшілікке тағайындау.

Топ басшысының жоғарыда көрсетілген қызметтер шегіндегі өкімі топтағы білім алушылар үшін міндетті болып табылады.

2.9 Университетте білім алушының білімін бақылаудың келесі түрлері қолданылады:

- аталған пән бойынша ағымдық үлгерім бақылауы (академиялық кезең ішінде, кестеге сәйкес оқытушылар өткізетін дәрісханалық және дәрісханадан тыс сабақтарда білім алушының білімін кәсіби оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру);

- аралық бақылау (бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағанда білім алушының оқу жетістіктерін бақылау);

- қорытынды аттестаттау (білім алушының білім деңгейіне сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген пәннің оқу бағдарламасын игеру дәрежесін айқындау).

2.10. Білім алушының оқу үлгерімін бағалау университетте білім алушының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесіне сәйкес жүргізіледі.

2.11. Білім алушылардың демалысы тиісті білім бағдарламасының оқу жоспарында немесе академиялық күнтізбеде белгіленеді.

3. Университет жайларындағы тәртіп

3.1 Оқу, қызметтік және тұрғын жайларды көріктендіру (талапқа сай жиһаздың, оқу жабдықтарының болуы, қалыпты температураны ұстап тұру, жарықтандыру және т.с.с.) жауапкершілігі университеттің міндетіне кіреді. Зертханалар мен кабинеттердегі жабдықтардың оқу сабақтарына дайындығы үшін бөлім, зертхана мен кабинет меңгерушілері жауап береді.

3.2 Университет жайларында тыйым салынады:

- оқу сабақтарын жүргізуге кедергі келтіретін әрекеттер жасауға;
- арнаулы бөлінген жерлерден басқа орындарда шылым тартуға;
- құмар ойындарын ойнауға;
- спирттік, алкогольдік ішімдіктер ішуге және токсиндік немесе есірткі қолдануға, мас күйде жүруге;
- Университет іші мен аумағын ластауға;
- Университет әкімшілігінің рұқсатынсыз зертханадан, оқу дәрісханасынан және басқа бөлмелерден заттар мен түрлі жабдықтарды алып шығуға;
- оқу ғимаратына жануарларды алып келуге (зерттеу мақсаттарынан басқа)
- оқу орнына тізімде көрсетілген заттарды алып кіруге және пайдалануға тыйым салынады:

1. Қару (барлық қару-жарақтар, атыс қаруының көшірмелері немесе имитацияланған қару, атыс қаруының құрамына кіретіндер, газды қарулар, пневматикалық тапаншалар, винтовкалар, шарикті қарулар, сигналды тапаншалар, старттық тапаншалар, ойыншық түріндегі барлық пистолеттер, өнеркәсіптік құрылғылар, арбалеттер, катапульттер, гарпундар және найза қаруы, электр тоғы, балға, мал сою құралдары, жарықшақтар, патрондары бар травматикалық, электрошокты құрылғылар)

2. Сұғу-кесу құралдары және өткір заттар (балталар, тесаки, жебе, дротик, жүзі бар пышақтар, ашық ұстара, қылыш, скальпель, металды жұлдыздар, бұрғы, темір тескіш, резак-кескіш, ара, лом, факелдар, штопорлар, инъекция ижелері, тоқу сымдары, қайшы, бәкі пышақтар, т.б.)

3. Доғал құралдар (шоқпар, дубинка, тізбектелген шынжыр, т.б.)

4. Жарылғыш және тұтанғыш заттар (оқ-дәрілер, оқтұмсық, детонаторлар, жарылғыш заттардың көшірмелері және имитацияланған түрлері, миналар, граната түрлері, газ және газ контейнерлері, бутан, пропан, ацетилен, үлкен көлемдегі оттегі, фейерверк түріндегі отшашулар, өздігінен тұтанатын сіріңкелер, бензин, дизель отыны, спирт, этанол, аэрозольдік бояулар, т.б.)

4. Химиялық және улы заттар (қышқылдар мен сілтілер, сынап, хлор, газды баллончиктер, дәрілік немесе коммерциялық изотоптар, есірткі заттары, психотроптық заттар, бактериялар мен вирустар, т.б.)

4. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері

4.1 Білім алушы құқылы:

-білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, кәсіптік оқу бағдарламаларына сәйкес сапалы білім алуға;

-университет кітапханасынан қажетті ақпараттарды алуға, пән бойынша қажетті оқу-әдістемелік кешенді пайдалануға;

-университеттің Жарғысымен белгіленген тәртіпте университеттің Ғылым Кеңес құрамын сайлауға және сайлануға;

-басқа жерден келген тұрғын-жайға мұқтаж білім алушылар университеттің «Студенттік жатақханалары туралы Ережеде» бекітілген тәртіпте университет жатақханаларында орынмен қамтамасыз етілуге;

-ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлеріне, конференцияларға қатысуға, өз еңбектерін жариялауға, оның ішінде университет басылымдарына ұсынуға;

-ҚР заңнамаларында көзделген жағдайлар мен тәртіпте белгілі мерзімге академиялық демалыс рәсімдеуге;

- жеке көзқарасы мен пайымдарын еркін жеткізе білуге;

- өзін-өзі басқару органдарына сайлауға және сайлануға;

- өзінің адамгершілік қасиеттерін құрметтетуге.

4.2 Білім алушының міндеттері:

-Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, университет Жарғысын, ішкі тәртіп Ережесін, жатақханада тұру Ережесін және басқа да университеттің білім беру қызметін ұйымдастыруға арналған құқықтық құжаттардың талаптарын қатаң сақтауға;

-университет Жарғысына сәйкес бекітілген тиісті білім бағдарламаларының, жеке жоспарлардың міндетті талаптарын орындауға, пәндердің оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен қарастырылған тапсырмалардың барлық түрлерін белгіленген мерзімде орындауға;

-таңдаған мамандықтары бойынша теориялық білімдерді және практикалық дағдыларды жүйелі түрде және терең меңгеруге;

-оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес белгіленген мерзімде аралық және қорытынды аттестаттаудан өтуге;

-бітіруші курста кәсіптік даярлық деңгейін бағалауға арналған кешенді тестілеуден өтуге;

-оқу сабақтарына қатысуға және сабаққа кешікпеуге және себепсіз қалмауға; (сабаққа кешігіп келген студент сабаққа кешігу жағдайын 3 рет

қайталап, түсініктеме жазғаннан кейін ғылыми кеңестің шешімімен еңбек жұмысына тартылады: оқу ғимаратының ауласын сыпыру, қар күреу, аудитория тазалау.)

-университеттің оқу ғимараттары ішінде «қоңырау/жауап/смс» функциялары бар мобильді құрылғыларды қоспағанда, интернет модульдермен, фото-бейнекамералармен жабдықталған мобильді құрылғыларды (ұялы телефон, планшет, смарт сағат, және соған ұқсас басқа да құрылғылар) пайдалануға шектеу салынады.

- дәрістер мен практикалық сабақтарда ұқыпты, тиянақты болуға;

-оқу сабақтарына келмеген жағдайда университеттің құрылымдық бөлім басшылығын ата-анасы, (туысқандары, топ басшысы, эдвайзері) арқылы 2 күн ішінде хабардар етуге және сабаққа келмеген алғашқы күнінен бастап қатыспау себептерін түсіндіретін белгілі үлгідегі (медициналық анықтама, шақыру, түсініктеме және т.б.) құжат ұсынуға;

-университет мүлкіне ұқыптылықпен қарауға, осы мүліктердің сақталуын қамтамасыз ететін іс-шараларға қатысуға, университетке материалдық шығын әкелген жағдайда азаматтық заңнамаға сәйкес оны өтеуге;

- әскери есеп ережелерін сақтауға;

-оқу төлемақысын белгіленген мерзімде төлеуге;

-университет қызметкерлеріне, білім алушыларға сыпайы қарым-қатынас көрсетуге;

-университетте оның аумағынан тыс жерлерде құқық бұзушылық әрекеттерге жол бермеуге;

-тәртіпті болуға, тазалық пен тәртіпті сақтауға;

-ғылыми білімдерді насихаттауға, сонымен қатар университетте өткізілетін қоғамдық шараларға қатысуға;

-қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтауға;

-білімді бақылаудың және бағалаудың барлық деңгейлері мен түрлерінен өту барысында пайдалануға болмайтын материалдарды (ұялы телефонға жазылған ақпараттар, арнайы дайындалған тест сұрақтарының жауаптары және т.с.с.) қолданбауға, басқа білім алушыдан дұрыс жауаптарды көшірмеуге;

-білім алушы жастардың арасында халықаралық құқық және гуманизмнің танымал қағидаттарына қарама-қайшы діни идеяларды насихаттамауға, таратпауға және университет беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерден аулақ болуға;

-оқу ғимараттары мен жатақханаларға кіру тәртібін сақтауға, соның ішінде өзінің рұқсат қағазын басқа тұлғаларға бермеуге және өзі басқа тұлғаға берілген рұқсат қағазын пайдаланбауға;

-тұрғылықты мекен-жайы, телефоны және т.б. өзгерген жағдайда тиісті басшылыққа (топ эдвайзеріне, кафедра меңгерушісіне) хабарлауға міндетті.

4.3. Университет қызметкерлері мен білім алушыларына ғылыми техникалық кітапханада қызмет көрсету тәртібі мен шарттары университет ректоры бекіткен ғылыми-техникалық кітапхананы пайдалану ережесімен анықталады.

4.4. Университет жатақханаларында тұратын тұлғалардың қосымша құқықтары мен міндеттері университет жатақханаларында тұру ережесімен және келісімшартпен белгіленеді.

5. Университеттің негізгі құқықтары мен міндеттері

5.1 Университеттің құқықтары:

- академиялық кезеңде дәлелсіз себеппен 24 академиялық сағаттан аса сабақ жіберген білім алушыға ректорат тарапынан «ескерту» беруге;

- академиялық кезеңде дәлелсіз себеппен 36 академиялық сағаттан аса сабақ жіберген білім алушыға ректор тарапынан «сөгіс» беруге;

- 48 академиялық сағаттан аса дәлелсіз себеппен сабақ жіберген білім алушыға ректор тарапынан «қатаң сөгіс» беруге;

- академиялық кезеңде дәлелсіз себептермен 72 академиялық сағат немесе одан көп сабақ жіберген білім алушыны тәлімгердің ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен университеттен шығаруға, бұдан басқа;

- академиялық демалыстан белгіленген мерзімде оралмаған;

- өз өтінішіне сәйкес немесе басқа оқу орнына ауысуына байланысты;

- сот үкімімен бас бостандығынан айырылған;

- университет Жарғысын, ішкі тәртіп, жатақханада тұру Ережелерін сақтамаған немесе бұзған;

- университеттің немесе азаматтардың мүлігін (құжаттарын) қасақана жойған немесе зақым келтірген;

- білім алушыларды ұрып-соққан, күштеу, қорқыту және басқа да құқыққа қарсы әрекеттер жасаған;

- оқу төлемақысын келісімшартта белгіленген мерзімде төлемеген білім алушыны университеттен шығаруға құқылы;

- Білім алушы университеттен шығарылған жағдайда оқуға түсу үшін тапсырылған құжаттарын шығу парағын толтырғаннан кейін алады.

5.2 Университеттің міндеттері:

- қазіргі заманғы өндіріс талаптарын, ғылым, техника мен мәдениеттің жетістіктерін және олардың даму келешегін, еңбекті ғылыми ұйымдастыру талаптарын ескере отырып, кәсіби мамандарды даярлау мен тәрбиелеу сапасын жақсарту үшін жағдай жасауға;

-білім алушылармен мәдени-тәрбие жұмыстарын, дене тәрбиесі мен спорт секциялары сабақтарын жүргізу және көркем өнерпаздықты дамыту үшін жағдай жасауға;

-білім алушылардың мұқтаждықтары мен қажеттіліктеріне мұқият қарауға, олардың мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсартуды қамтамасыз етуге;

-білім алушымен өзара келісім-шарт аясында білім беру үдерісін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға;

-мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес оқу жоспарлары мен оқу пәндерінің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеуді қамтамасыз етуге;

- оқу жылының немесе академиялық кезеңнің басталуына дейін 2 апта қалғаннан кешіктірмей білім алушыларға бекітілген сабақ кестелерін ұсынуға;

- білім алушыларды қауіпсіздік техникасы, өндірістік гигиена және еңбек гигиенасы, өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтардың барлық талаптарымен таныстыруға және олардың ұдайы сақталуын қадағалауға;

5. Оқу мен қоғамдық жұмыстағы табыстары үшін ынталандыру

6.1 Білім алудағы табыстары, университеттің ғылыми-зерттеу және қоғамдық жұмысына белсенді қатысканы үшін білім алушыларға университет келесідей ынталандыру шараларын ұйымдастыруға құқылы:

- мақтау қағазымен алғыс жариялау;
- ата-анасына алғыс хат жіберу;
- Құрмет грамотасымен марапаттау;
- қаржылай немесе бағалы сыйлықпен марапаттау, т.б.

6.2 Ынталандыру шарасы университет ректоры бұйрығымен жария етіліп, білім алушылар назарына жеткізіледі. Ынталандыру шарасы туралы бұйрықтан көшірме білім алушының жеке іс-құжаттарында сақталады.

7. Білім алушының ішкі тәртіп Ережесін бұзғаны үшін қолданылатын әрекет ету шаралары

Ішкі тәртіп Ережесін бұзғаны үшін білім алушыға келесі тәртіптік шаралар қолданылады:

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаң сөгіс;
- университеттен шығару.

8. Қорытынды ережелер

-Ереже университеттің Ғылыми Кеңесінде қабылданды, өзгерістер мен қосымшалар Ғылыми Кеңестің шешімімен енгізіледі;

-білім алушыларды ішкі тәртіп Ережесімен таныстыру топ эдвайзерлеріне жүктеледі.

Келісілді:

Бірінші проректор



К.А.Еримбетов

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор



А.Б.Әлібекова

Әзірлеген:

«Тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру» бөлімінің меңгерушісі



Н.К.Саймағанбетов